

Қазақстанның мемлекеттік егемендігінің жариялануы – республика өміріндегі аса маңызды саяси оқиға. Бұл кезең Қазақстанды толық тәуелсіздікке бастап апаратын шынайы қадамы еді. Тәуелсіздік Қазақстанға қазақ халқының екі жарым ғасырдан астам уақыт бойы үзбей жүргізген күресі арқылы келді. 1991 жылғы 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялану күні, яғни тәуелсіздік күні деп аталып, қазақ халқының тарихындағы шын мәніндегі ұлы оқиға.

# БАҚТЫҢ БАРАР ЖЕРІ – ЫНТЫМАҚ

Тәуелсіз Қазақстан – демократиялық даму жолын қалаған, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет болып құрылды. Құқықтық мемлекеттің ең басты белгісі – Заң үстемдігі бәрінен де жоғары тұр. Мемлекетіміздің қоғамдық өмірінің барлығы заң арқылы реттеліп, барлық мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғаларға заң талаптарының орындалуын міндеттейді. Құқықтық мемлекет – жеке тұлғаның және бүкіл қоғамның құқықтарын қорғауды басты мақсат етіп қойған мемлекет.

XXI ғасырда қазақ халқының ұлттық санасының өніміне айналуы тиіс нәрселерге тоқталсақ, олар бәсекеге қабілетті болу, ұлттық прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, қоғам мен жеке адамның рухани өмірінде білімнің салтанат құруы, қоғамның өз жолымен дамуы. Бұған дейін де айтылып отырғандай, ұлттық сана жеке адамды мемлекетімен, қоғамымен біріктіріп отыратын рухани феномен. Сондықтан да, қоғамның тұрақтылығы, тұрақты түрде дамуы оның өкілі жекелеген адамдардың іс-әрекетіне, рухани құндылықтарына және барлық қоғамдық сана түрлерін бойына біріктіре алған рухани деңгейіне келіп тіреледі. Осы себептен, қай уақытта да қоғамның болашағына, дамуына қажет нәрсе

ға тағылымы» атты мақаласында келесідей пікірін көрсетті. Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда кез келген өзгеріске даяр болу, үнемі ізденісте жүру, өзін-өзі жетілдіру өте маңызды.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы қоғам өмірін демократияландыру мен құқықтық мемлекет қалыптасуының алғы шарты екенін ескерсек, оны мемлекеттік саясат деңгейінде көтеретін уақыт келген сияқты. Бұл кезекте Президент жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның орны ерекше деген пікір баршылық. Зерттеушілердің айтуы бойынша: «Оның өкілеттілігін кеңейтіп, азаматтық қоғамды қалыптастыру мен оның институттарын шынайы дамыту мемлекеттік саясаттың бір бұтағына айналуы тиіс. Мұндай кешенді ішаралар тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ата Заңда көрсетілген мұратқа сай құқықтық мемлекет жолында дамуына игі ықпалын тигізері хақ».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында, «Біз бүгін алдағы реформалардың бағыт-бағдарын айқындап алдық.

Енді мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын

қытта да қоғамның болашағына, дамуына қажет нәрсе бәсекеге қабілеттілік. Бәсекеге қабілеттілік болмай қоғамның тәжірибелері оның (қоғамның) болмысына жақындамайды.

Бәсекеге қабілеттілік мәселесінен бұрын, қоғамның ішінен бәсекеге қабілетті болуға күштар талантты жастардың, білімді адамдардың қоғам алдына шығуына кедергі болатын мәселелер де тұрады. Олар жемқорлық, білім мен ғылым жүйесіндегі паракорлық және т.б.

Бәсекеге қабілеттілік қазіргі уақыт шеңберінде мәдениеттіліктің бір үлгісі болып табылады. Бүгінгі уақыт кеңістігіндегі дамудың жаңа талабына бейімделуде әлемдік өркениеттің адамзатқа ортақ дүниелерін меңгере білу бәсекеге қабілетті болудың негізгі ұстанымы. Ғылымның қарқынды түрде күш алған уақытынан бастап адамзат әлемінде өркениеттіліктің үдерісі тез жүріп келеді. Адамзаттық өркениеттің көшінде орын алып отырған жаңа өзгерістер әрбір мәдениет иесі ұлттарға, оның мемлекетіне жаһанданудың жаңа талаптарына сай ерте қамдануды, ізденуді, ғылымның жаңа дүниелерін игеруге бейімделу мен икемді болуды жүктейді. Бұны философияда прагматизм дейді. Ұлттық прагматизм дегеніміз – өзінді, ұлтыңды, халықты, еліңді сақтайтын, елдің өмірін жалғайтын дүниелерді тани білу, уақытылы қорғап отыру. Үлкенді сыйлау, күтімдарлық, ырыс, несібе ұғымдары, ізгілікті туыс, ағайын, ел болып бөлісудің өзі қазақ дәстүріндегі осы құбылыстың мәнін тереңнен аңғартады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 3 шілдедегі «Тарихи тұл-

Енді мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз. Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым – қоғамымыздың мызғымас тұғыры. Реформалардың мазмұны жан-жақты толығы түспек. Жалпыұлттық ынтымақты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы. Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу. Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті.

Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек» - деп көрсетті.

**А.ИСМАИЛОВ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ азаматтық құқық  
және азаматтық  
іс жүргізу  
кафедрасының з.ғ.к.,  
аға оқытушысы**

**Л.ОМАРБАЕВ,  
аға оқытушы**

**Н.САЛЫБЕК,  
құқық магистрі,  
аға оқытушы**

**А. АЛШОРАЗОВА,  
құқық магистрі,  
аға оқытушы**